

## Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысы.

"Балалар жылын жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 780 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері және ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жоспарды іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып отырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 20 наурыздағы  
№ 148 қаулысымен  
бекітілген

## Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру (млн тг)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1-бөлім. "Білімді бала" (балалардың сапалы білім алу және тұлға ретінде даму құқықтарын іске асыру, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту)						
	Барлық деңгейдегі білім алушыларды сабақтарда					

1.	және сыныптан тыс тәрбие іс-шараларында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын құқықтық оқыту және түсіндіру	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
2.	Оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін кеңейту арқылы балалар мен жасөспірімдердің азаматтық жауапкершілігін дамыту	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	жыл бойы	талап етілмейді	-
3.	Оқушыларды шығармашылық, спорттық және мемлекеттік білім беру тапсырысымен қамтуды ұлғайту	Үкіметке ақпарат	ЖАО, МСМ, БҒМ	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
4.	5-11-сынып оқушыларына музейлерге, театрларға абонементтер беру	Үкіметке ақпарат	ЖАО	жыл бойы	бюджеттен тыс қаражат есебінен	бюджеттен тыс қаражат
5.	Республикалық білім беру жобалары:		жыл бойы			
	"Ризашылық – мейірімділік бұлағы"					

	қоғамдық мәдени-білім беру жобасы		БҒМ, ЖАО	қаңтар-наурыз	көзделген қаражат шегінде	РБ
	"Оқушының мәдени нормативі" республикалық мәдени-білім беру жобасы		МСМ, БҒМ, ЖАО	2 - жартыжылдық	талап етілмейді	-
	"Ұлағатты ұрпақ" республикалық мәдени-білім беру жобасы		МСМ, БҒМ, ЖАО	2 - жартыжылдық	көзделген қаражат шегінде	РБ
	Орта білім беру ұйымдары арасындағы "Сауатты мектеп" республикалық жобасы	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖОО	жыл бойы	талап етілмейді	-
	Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту үшін "Жас қаламгер" оқыту мектебін ұйымдастыру		МСМ, БҒМ, ЖАО	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	РБ
6.	Республикалық іс-шаралар:		жыл бойы			

бюджеттен

Тәлімгер  
кәсібінің 100  
жылдығына  
арналған " "  
Балалық шақ  
бағдаршылар  
ы " "  
педагогикалы  
қ  
жасақтарыны  
ң  
республикалы  
қ слеті

БҒМ, " "  
Балдәурен" сәуір  
РОСО

бюджеттен  
тыс қаражат  
есебінен

Үкіметке  
ақпарат

				т ы с қаражаттар	
	"Үздік мектеп медиаторы – 2022" республикалық конкурсы	БҒМ, ЖАО	сәуір	көзделген қаражат шегінде	РБ
	"Astana Piano Passion" республикалық жас пианистер конкурсы	МСМ, БҒМ, ЖАО	қараша	көзделген қаражат шегінде	РБ
	"Жыл оқушысы – 2022" республикалық конкурсы	БҒМ, ЖАО	сәуір – қазан	көзделген қаражат шегінде	РБ
	1-11-сынып оқушылары арасында "Шежіре: менің тегімнің тарихы" атты балалар бейнероликтерінің республикалық конкурсы	БҒМ, ЖАО	маусым	көзделген қаражат шегінде	РБ
	"Жас құтқарушы" республикалық слеті	ТЖМ, ЖАО	шілде	талап етілмейді	РБ
	"Айбын" республикалық әскери-патриоттық жиыны	Қорғанысмині, БҒМ, ЖАО	маусым	көзделген қаражат шегінде	РБ
	Мектептегі тамақтану, асханалар мен санитариялық тораптардың жағдайын бағалау бойынша "Балаға LIKE" республикалық акциясы	БҒМ, ЖАО	қазан	көзделген қаражат шегінде	РБ

	2023 жылғы Президенттік жаңа жылдық шырша		ЖАО, БҒМ,	желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
7.	Өңірлік шаралар мен іс-шаралар:	Үкіметке ақпарат	жыл бойы			
	үйде оқитын балалардың бос уақытын ұйымдастыруға еріктілер жасақтарын тарту бойынша "Мен – сенің досыңмын" өңірлік акциялары		ЖАО, БҒМ, АҚДМ, Еңбекмині	тоқсан сайын	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
	каникул кезеңінде әр өңірде этнолингвистикалық балалар лагерлерін құру (тақырыптық ауысымдар)		ЖАО, БҒМ, МСМ, ЖОО	маусым	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
	лагерьдегі жазғы демалыс маусымының салтанатты ашылуы		БҒМ, ЖАО	маусым	талап етілмейді	-
	жас блогерлер мен журналистер, дизайнерлер, ақындар, әншілер, еріктілер, жол қозғалысы инспекторлары арасындағы өңірлік конкурстар		ЖАО, БҒМ, МСМ, ПМ,	2 - жартыжылдық	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
	білім алушыларды өнерге баулу мақсатында білім беру					

	<p>ұйымдарындағы театр үйірмелері мен студиялар желісін дамыту жөніндегі "Балалар мен театр" жобасы</p>		ЖАО, МСМ, БҒМ	2 - жартыжылдық	талап етілмейді	-
8.	<p>"Отбасының цифрлық картасы" жобасы шеңберінде туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде өмірде қиын жағдайда жүрген балалар контингентінің қозғалысы мен есепке алу дерекқорын интеграциялау арқылы медициналық, әлеуметтік қызметтерге және білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тұрғылықты жері бойынша тіркелуіне қарамастан, туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін балаларды қолдап отыру мәселесі бойынша ұсыныстар енгізу</p>	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЦДИАӨМ, ДСМ, Еңбекмині, ІІМ, Әділетмині, ЖАО	мамыр	талап етілмейді	-

9.	"Балдәурен" РОСО жазғы демалыс маусымының салтанатты ашылуы	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	маусым	талап етілмейді	-
10.	Медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша 5-11-сыныптарға арналған Жаһандық құзыреттер" курсы	Үкіметке ақпарат	БҒМ, АҚДМ	қыркүйек	көзделген қаражат шегінде	РБ
11.	Оқушының (мектеп түлегінің) жеке білім беру, шығармашылық спорттық жетістіктерін көрсетуінің жаңа технологиясын – "Оқушының электрондық портфолиосы/мектеп түлегінің портфолиосы" жобасын (ҰБДБ-да "Білім" модулі) енгізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ, ЖАО	желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	РБ
12.	Қоғамдық бастама ретінде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің кеңесшісі және кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	қыркүйек	талап етілмейді	-



	<p>қорғау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары функцияларын атқаратын Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл лауазымын енгізу</p>					
13.	<p>"Таланттар арамызда" республикалық балалар шығармашылығының фестиваль-көресін ұйымдастыру және өткізу</p>	фестиваль-көрме	<p>М С М , Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейі</p>	2022 жыл бойы	музейдің өз кірістері есебінен	бюджеттен тыс қаражат
14.	<p>"Мейірім" балалар шығармашылығының инклюзивті музейлік фестивалін ұйымдастыру және өткізу</p>	инклюзивті фестиваль	<p>М С М , Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі</p>	жыл сайын, 1 маусым	музейдің өз кірістері есебінен	бюджеттен тыс қаражат
<p><b>2-бөлім. "Отбасы – қауіпсіз мекен" (баланың игілі отбасында тәрбиелену, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды дәріптеу құқықтарын іске асыру)</b></p>						
15.	<p>Өмірде қиын жағдайдың туындау кәтері бар отбасыларға және адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу</p>	<p>БҒМ, АҚДМ, ПМ, ДСМ, Еңбекминінің бірлескен бұйрығы</p>	<p>БҒМ, АҚДМ, ПМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО</p>	сәуір	талап етілмейді	-
	<p>Білім беру ұйымын бірлесіп басқаратын</p>					

16.	алкалы органдардың өкілеттіктерін кеңейту арқылы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
17.	Жекелеген санаттағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін трансформациялау бойынша ұсыныстар енгізу	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ЖАО	қараша	талап етілмейді	-
18.	Ата-аналар қауымына арналған "Менің балам – көшбасшы" вебинарлар циклі	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
19.	"Мектептің үздік ата-аналар/ қамқоршылық комитеті-2022" республикалық конкурсы	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	қазан	көзделген қаражат шегінде	РБ
20.	Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін 1,5 есе ұлғайту жөнінде ұсыныстар енгізу	Үкіметке ақпарат	Еңбекмині	мамыр	талап етілмейді	-

21.	Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларды әлеуметтік және психологиялық қолдау	әлеуметтік жоба	АҚДМ, Еңбекмині	сәуір желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	РБ
22.	Экскурсиялық-танымдық балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту	Үкіметке ақпарат	МСМ, Kazakh Tourism" ҰК" АҚ (келісу бойынша), ЖАО	" жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	РБ
23.	Ертегілерді отбасымен оқу дәстүрлерін сақтауға, мәдени мұраларды ұрпақтан ұрпаққа беруге бағытталған "Әжемнің ертегілері" онлайн-жобасын іске асыру	Үкіметке ақпарат	МСМ, БҒМ, ЖАО	тұрақты негізде	талап етілмейді	-
24.	"Менің отбасым – шығармашыл отбасы", "Менің отбасым – көптілді отбасы", "Менің отбасым – биші отбасы және т. б. өңірлік конкурстары	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ, АҚДМ	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
<b>3-бөлім. "Дені сау бала" (балалардың, мүгедек балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балалардың денсаулығын нығайту мен қорғау құқықтарын іске асыру)</b>						
25.	Қазақстан Республикасында неонаталдық хирургияны одан әрі дамытудың 2022 – 2023		ДСМ	маусым		-

	жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	Д С М бұйрығы			көзделген қаражат шегінде	
26.	Қазақстан Республикасындағы балаларға онкологиялық және гематологиялық көмекті жетілдіру жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасын әзірлеу және бекіту	Д С М бұйрығы	ДСМ	маусым	көзделген қаражат шегінде	-
27.	Аса тапшы мамандықтар бойынша резидентура гранттарын бөлу	Үкіметке ақпарат	ДСМ, ЖАО	маусым	көзделген қаражат шегінде	РБ
28.	Жаңа туған нәрестелер мен сәбилерге скринингтік зерттеулер жүргізу, 18 жасқа дейінгі балаларға профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу	Үкіметке ақпарат	ДСМ, ЖАО	маусым, желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	ТМККК, МӘМС
29.	Босандыру ұйымдары мен МСАК ұйымдарын жаңа туған нәрестелер мен сәбилердің аудиологиялық және офтальмологиялық	Үкіметке ақпарат	ЖАО	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	ЖБ

	скринингтерін жүргізуге арналған жабдықпен жарактандыру					
30.	Балаларды орфандық және эпилепсияға қарсы препараттармен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттармен медициналық бұйымдардың тізбесін кеңейту	Үкіметке ақпарат	ДСМ	шілде	көзделген қаражат шегінде	РБ
31.	Білім беру ұйымдарының асханаларындағы ас блоктарын бейнебақылау камераларымен жарактандыру және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	қыркүйек	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
	Интернет ресурстар ( телеграмм-бот, әлеуметтік желілер және т. б.) арқылы білім беру ұйымдарында ( санитариялық					

32.	тораптар, асханалар, жиһаздар, жабдықтар және т. б.) қауіпсіз және жайлы ортаны қамтамасыз етуге қоғамдық бақылау тетігін құру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ДСМ, ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
33.	Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актіні және оны есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту	БҒМ бұйрығы	БҒМ	желтоқсан	талап етілмейді	-
34.	Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту	Үкіметке ақпарат	ДСМ, ЖАО	желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	ТМҚҚК, МӘМС

**4-бөлім. "Баласын жетімсіретпеген ел" (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын іске асыру)**

35.	Өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту жөніндегі шараларды іске асыру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	қазан	талап етілмейді	

36.	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысанын – кәсіпқой қабылдаушы отбасын енгізу бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ДСМ, Еңбекмині, ҰЭМ, ЖАО	қараша	талап етілмейді	
-----	---	------------------	-------------------------------	--------	-----------------	--

**5-бөлім. "Жайлы мекен" (балалар үшін инфрақұрылымды және балалар индустриясын дамыту бойынша)**

37.	Қалалардың, елді мекендердің (аулалардың, ойын алаңдарының, балалар болатын жерлердің) инфрақұрылымын қауіпсіздік тұрғысынан дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту және өңірлерді дамыту жоспарларын а толықтырулар енгізу	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	тамыз	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
38.	Арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарды жаратқандыру	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	ЖБ

39.	"2025 жылға қарай 1000 мектеп" бағдарламасы аясында салынған өңірлердегі жаңа мектептердің ашылу салтанаты	Үкіметке ақпарат	ЖАО, БҒМ	тамыз қыркүйек	– талап етілмейді	-
40.	Балалардың хал-ахуал индексінің қорытындысы бойынша " Балаға мейірімді қала" ұлттық сыйлығын енгізу жөнінде ұсыныс енгізу	Үкіметке ұсыныс	БҒМ, ҰЭМ	қараша	талап етілмейді	-

**6-бөлім. "Балаларды қорғау" (балалардың қауіпсіз даму жағдайларына құқығын іске асыру бойынша)**

41.	Журналистердің мінез-құлық этикасын регламенттейтін құжаттарда суицид тақырыбын жариялау мәселесі бойынша ұсынымдар тұжырымдау	Үкіметке ақпарат	АҚДМ, БҒМ, ЖАО	желтоқсан	талап етілмейді	-
42.	Балаларды мектепте 24/7 режиміндегі " Balaqorgau" дербес QR-кодын орналастыру арқылы құқықтарының бұзылу фактілері бойынша анонимді түрде БҒМ БҚКК-ге жаңа	әр мектепте QR-кодтар	БҒМ, ЖАО	сәуір –мамыр	талап етілмейді	-



	форматта жүгіну мүмкіндігі туралы хабардар ету					
43.	Білім беру ұйымдарында татуласу (медиация) қызметтерін енгізу	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖС (келісу бойынша) ЖАО	қыркүйек	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
44.	Балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру	іс-қимыл жоспары	АҚДМ, МСМ, ДСМ, БҒМ, ЖАО	сәуір желтоқсан	көзделген қаражат шегінде	РБ
45.	Интернет және мобильді қызмет ұсынушылардың балалар мен жасөспірімдерге арналған контенті "тазартылған" шектеулі "ақ интернет" жүйесінің арнайы пакеттерін енгізуі	Үкіметке ақпарат	ЦДИАӨМ, БҒМ	желтоқсан	талап етілмейді	-
46.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген Ұлттық жобалар тізбесіне 2023 – 2027 жылдарға	Үкіметке ұсыныстар	БҒМ, Қаржымині, ҰЭМ, ЖАО	қазан	талап етілмейді	-

	арналған балалар мүддесіндегі ұлттық жобаны енгізу мәселесін пысықтау					
<b>7-бөлім. "BALA_TIME.KZ" (балалық шақ мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары)</b>						
47.	Балалар жылына арналған іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу, бекіту және іске асыру	медиа-жоспар	АҚДМ, БҒМ, МСМ, ДСМ, ЖАО	қаңтар наурыз	– көзделген қаражат шегінде	РБ
48.	Балаларға арналған арнайы медиа өнімдерді: телебағдарламаларды, сериалдарды, деректі фильмдерді, вирустық роликтерді, көркем мотиваторларды, гиф-суреттерді, әлеуметтік желілердегі, мессенджерлердегі имидждік өнімдерді өндіру және трансляциялау	Үкіметке ақпарат	АҚДМ	жыл бойы	көзделген қаражат шегінде	РБ
49.	"Balapan" телеарнасында мультимедиялық және танымдық контентті трансляциялау	Үкіметке ақпарат	АҚДМ, Қаржымині, ЖАО	4-тоқсан	көзделген қаражат шегінде	РБ

50.	www.danabala.kz "Дана бала" балалар әдебиеті веб-сайтының контентін қазақстандық авторлардың толық мәтінді кітаптарымен толықтыру	Үкіметке ақпарат	М С М , Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы ( келісім бойынша)	тұрақты негізде	талап етілмейді
-----	---	------------------	---	-----------------	-----------------

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

- АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы  
Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
"Балдәурен" РОСО – "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы  
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары  
БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
БҒМ БҚҚК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті  
ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты  
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар  
ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі  
Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі  
Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
ОКҚ – Орталық коммуникациялар қызметі  
МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру  
МСАК – медициналық-санитариялық алғашқы көмек  
МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі  
НЗМ ДББҰ – "Назарбаев Зияткерлік мектебі" дербес білім беру ұйымдары  
СЖРА – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі  
ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі  
ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі  
ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі  
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі  
ҰБДБ – Ұлттық білім беру деректер базасы

"Kazakh Tourism" ҰК" АҚ – "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК